



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 3 қаңтар

2017 жылғы 22 - 29 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

29 желтоқсандағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,1%-ға (332,68-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 332,33 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 22 - 29 желтоқсан аралығындағы кезеңде барынша маңызды оқиғалар АҚШ президентінің салық реформасының заң жобасын бекіту, инфляцияның өсуі және экономиканың тұрақты өсуі бойынша күтуді көрсеткен Еуропа орталық банкінің экономикалық бюллетеньді жариялауы болды. Осы факторлар қаржы компанияларының бухгалтерлік балансын түзетумен және жылдың соңына таман өтімділікті төмендетумен қатар АҚШ долларының әлемдік нарықтарда әлсіреуіне әкеліп соқты.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Индонезия рупиясы** бір апта ішінде айтарлықтай өзгерістерсіз бір АҚШ доллары үшін 13 556 – 13 555 рупий деңгейінде саудаға түсті;
- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (64,05-тен 63,87-ге дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** 0,3% -ға (3,81-ден 3,80-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** 0,5%-ға (19,75-тен 19,66-ға дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** 0,9%-ға (3,34-тен 3,31-ге дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуіне байланысты, сондай-ақ инвесторлардың рубльдегі ұзақ позицияларды ұлғайтуы аясында 1,1%-ға (58,31-ден 57,69-ға дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** мемлекеттік қаражатты жеке мақсаттарына пайдаланды деп айыпталған Оңтүстік Африка президенті Д. Зуманың пайдасына шешілген Конституциялық сот шешімі аясында 1,9%-ға (12,62-ден 12,38-ге дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының
АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2017 жылғы 22 - 29 желтоқсан)**



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz